

М.А. Жетписбаева, Г.Ш. Бектыбаева, Ф.А. Ермаганбетова

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қазақстан
(E-mail: bektybayeva_g@mail.ru)*

Курстан кейінгі әдістемелік сүйемелдеу мұғалімдердің үздіксіз кәсіби даму компоненті ретінде

Мақалада «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ Қазақстан Республикасы Педагог-қызметкерлерінің үшінші (базалық) деңгейі және «Тиімді оқыту» біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша курстан өткен сертификатталған мұғалімдерге курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету тәсілдері берілген. Үдерістің жүйелілігіне бағытталған курстан кейінгі компоненттер қарастырылды: кәсіби дамудың басымдылықтары мен мақсаттарын зерделеу, тәжірибені бақылау, проблемалық аймақтарды анықтау, мұғалімнің практикасында өзгеру үрдістері туралы рефлексия, жоспарлауды сүйемелдеу, анықталған кәсіби қиындықтарды еңсеру бойынша әдістемелік қызмет үшін ұсыныстар енгізу және сертификатталған мұғалімдерді оқыту мен оқуда табысты тәжірибесін танымал ету. Сертификатталған мұғалімдердің сабағын бақылаудың таратылған нәтижесі және одан әрі кәсіби дамыту мен болашағын анықтау мақсатында бірлескен тәжірибесіне талдау жасалған. Мұғалім тәжірибесі дамуының үздіксіздігін қамтамасыз ететін және педагогтың тәжірибесін табысты таратудың мүмкіндік бағыттары сипатталған. Мақалада ұсынылған тәсілдер сертификатталған мұғалімдердің кәсіби дамуын орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында курстан кейінгі қолдаудың жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: біліктілікті арттыру, мұғалімнің кәсіби дамуы, курстан кейінгі қолдау, оқыту мен оқу тәжірибесінің өзгеруі.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғыртудың шешуші факторы жоғары білікті педагогикалық кадрлар болып табылады. Педагогтың кәсіби деңгейі мен құзыреттілігі тікелей немесе жанама түрде білім алушылардың білім жетістіктерінің сапасына байланысты. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Педагогикалық құрамның сапасын арттыру маңызды. Мектеп оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту керек...», — деп атап өтті [1].

Мемлекет басшысының біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіру және педагогтың сапалы кәсіби дамуын іске асыру керек деген тапсырмасын орындауды қамтамасыз ете отырып, корпоративтік басқару мен әлемдік тәжірибені тарату негізінде педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың жаңа жүйесі енгізілуде. Бүгінде республиканың педагогтары Педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері», Кембридж университеті білім беру факультетімен бірлесе отырып, әзірленген деңгейлік және қысқамерзімді курстарда біліктілікті арттыру бағдарламалары мен стандарттарымен біліктіліктерін арттыруда.

Қазақстан Республикасы Педагог-қызметкерлерінің үшінші (базалық) деңгейі және «Тиімді оқыту» біліктілігін арттыру бағдарламалары қазақстандық мұғалімдердің әлемнің қарқынды өзгеруі жағдайында үздіксіз кәсіби дамуын жүзеге асыруға дайындығына ықпал етуге, әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үрдістерге қолдау көрсетуге бағытталған [2].

Соңғы 5 жыл ішінде деңгейлік біліктілікті арттыру курстарынан 52,2 мың қазақстандық педагог оқытылды. 2016 жылғы жаңартылған курс бағдарламасы мұғалімдердің пәндік ерекшелігін ескереді және оқыту аясында алған білімі мен дағдыларын неғұрлым тиімді пайдалануға көмектеседі [3].

Біліктілікті арттыру курстары педагогтардың тәжірибесінде маңызды кезеңі болып табылады, бірақ сонымен қатар үздіксіз кәсіби даму принципі тұрақты шығармашылық ізденуді қажет етеді. Бұл ретте, ең алдымен, мұғалімнің өзін-өзі дамытуда тиімділігі мен уәжі әлеуметтік және материалдық факторлармен үлгіленеді. Бұл – ұжым мен мектеп басшылығы қолдауы, білім беру басқармалары және мемлекет тарапынан оларға берілетін мүмкіндіктер.

Әлемдік үздік білім беру жүйелері тәжірибесін назарға ала отырып қорытындыласақ, бұл «реформа үш киттан тұр: кәсіби даму, кәсіби даму және кәсіби даму...» [4], әрбір аутентикалық сыныпта жаңа тәсілдерді табысты іске асырудың маңызды шарты сертификатталған мұғалімдер


тәжірибесін қолдауды дамыту болып табылады. Сертификатталған мұғалімдердің кәсіби дамуын курстан кейінгі сүйемелдеу, институттың білім беру ұйымдарымен біріккен өзара іс-қимылы педагогтардың кәсіби дамуын жетілдіру жағдайында маңызды рөл атқарады және бұл «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты қызметінің басым бағыттарын анықтайды [5].

Сертификатталған мұғалімдерді курстан кейінгі кезеңдегі қолдау тәжірибесін дамыту Педагогикалық шеберлік орталығы ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Өрлеу» БАҰО АҚ нормативтік құжаттарымен реттеледі. Курстан кейінгі қолдау мақсаты – жалпы орта білім беру ұйымдарының практикалық қызметінде бағдарламаның инновациялық әлеуетін барынша іске асыру және білім беру мазмұнын жаңарту үшін жағдай жасау.

Үшінші (базалық) деңгей бойынша сертификатталған мұғалімнің инновациялық тәжірибесіндегі курстан кейінгі қолдаудағы ерекше назардағы негізгі элемент – сыныптағы сабақ. Мұғалім күнделікті сабақ шеңберінде курстан кейінгі кезеңде мұғалімнің табыстылығын бағалау өлшемі болып табылатын 3 деңгей мұғалім стандартын іске асыруды көрсетеді. Сабақ білім беру жүйесі қызметінің ең басты нәтижесіне елеулі әсер етеді және зияткерлік әлеуетті, әр оқушыны жеке тұлғалық тұрғыдан дамытады.

Біздің тәжірибе көрсеткендей, сыныпта бағдарламаның негізгі идеяларын практикалық іске асыруда сертификатталған мұғалімдерге қолдау көрсету үшін орта және қысқамерзімді жоспарлауда бірлескен жұмыс, мұғалімнің өзін-өзі реттеуде эмоционалдық және әлеуметтік аспектілерін арттыруға ықпал ететін маңызды бағыт болып табылады. Тренерлер дәстүрге айналған «әдістемелік десант» кезінде бетпе-бет режимінде кеңес беру жүргізілгенде осы бағыттың тиімділігі айтарлықтай көтерілетінін атап өтеді. Мектепке барған кезде жаттықтырушылар сыныпта мұғалімдер жұмысын қадағалайды, сабақтың күшті жақтары мен аспектілерін талқылайды және мұғалім стандартының өлшемдеріне сәйкестігін, әрі қарай дамуды жақсартуды қажет ететін бағыттарын айқындайды.

Деңгейлік бағдарламалар орталығы жаттықтырушыларының қатысуымен «Өрлеу» – сертификатталған мұғалімге» әдістемелік десанттың алгоритмі әзірленген (1-сур.) [6].



1-сурет. Үшінші (базалық) деңгей сертификатталған мұғалімдерін курстан кейінгі қолдау бойынша деңгейлік бағдарламалар орталығының тренерлерінің іс-әрекет алгоритмі

Әсіресе бұл өзара іс-қимыл сертификатталған мұғалімдердің кәсіби қызметінде ақпараттық, әдістемелік, ұйымдастырушылық ресурстар жеткіліксіздігі көрінетін мәселелер бар ауылдық мектеп жағдайында өзекті.

I-кезеңде «Өрлеу» жаттықтырушылары ауылдық аудандардың әдістемелік қызметкерлерімен жергілікті жерлерді келісілген бағыт бойынша анықтауға жәрдем етеді:

1) ауыл мектептері сертификатталған мұғалімдерінің жеке дамуындағы мақсаттары мен басымдықтарын әзірлеу;

2) нақты-жағдайлық, яғни әрбір нақты жағдайда жеке болатын сертификатталған мұғалімдердің жеке даму траекториясы;

3) сертификатталған мұғалім қызметінің тиімділігін көрсететін өзін-өзі бағалау құралы.

II-кезеңде мұғалімдердің проблемалық мәселелерін жүйелеу негізінде ауыл мектептерінің сертификатталған мұғалімдері үшін web-инарлар, он-лайн семинарлар, консультациялар кестесі жасалады және жүзеге асырылады.

Ұсынылған алгоритм негізінде 2015–2017 жылдары облысымыздағы ауылдық аудандардың білім беру ұйымдарында әдістемелік десанттар өткізілді.

Әдістемелік десанттың мақсаты – Қазақстан Республикасы педагог-қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы, «Тиімді оқыту», «Жалпыадамзаттық құндылықтар» сабақта» бағдарламалары бойынша сертификатталған мұғалімдердің инновациялық әлеуетін практикалық іске асыруын курстан кейінгі әдістемелік сүйемелдеу.

Әдістемелік десант бағдарламасы келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Сабақты бақылау. Үшінші (базалық) деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдердің оқыту мен оқу тәжірибесін нақты-жағдайлық бақылау.

2. Жеке кеңес беру «Мұғалім–Тренер». Үшінші (базалық) деңгей сертификатталған мұғалімдерінің кәсіби қиындықтарын анықтау және оларды жою бойынша жеке ұсыныстар әзірлеу.

3. Үшінші деңгей мұғалімнің стандартына сәйкес білім беру ұйымдарында мұғалімдердің кәсіби даму басымдықтары мен мақсаттарын айқындау.

4. Білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен дөңгелек үстел. Сертификатталған мұғалімдердің тәжірибесін дамыту бағыттарын талқылау.

Әдістемелік десанты жүргізу кезінде бақылау, тәжірибені зерттеу, әңгіме-сұхбат, сауалнама жүргізу әдістері пайдаланылды. Әдістемелік десант шеңберінде сертификатталған мұғалімдердің 250 сабақтарына бақылау өткізілді. Тренерлер үшінші (базалық) деңгей және «Тиімді оқыту» бағдарламасы бойынша ауылдық аудандардың сертификатталған мұғалімдердің орта есеппен 30 %-на жеке әдістемелік қолдау көрсетті. Сабақты құрылымдық бақылау кезінде деңгейлік бағдарламалар бойынша курстан өткен мұғалімдердің тәжірибесін жүзеге асыруға қатысты оқыту параметрлерін бағалау үшін бақылау карталары пайдаланылды [7]. Бақылау картасы мұғалімдердің кәсіби дамуын ынталандыру және курстан кейінгі кезеңде қолдау негізі ретінде жұмыс деңгейі туралы және тәжірибесінде қиындықтар туындағанда жеке ақпарат алу үшін пайдаланылды. Сондай-ақ аталған құрал типтік қиындықтар туындағаны туралы және филиалдың деңгейлік бағдарламалар орталығының курстан кейінгі жұмыстарында мұғалімдердің тәжірибесі деңгейін кейін де бағдарламасын, жоспарын, стратегиясын, бағыттарын әзірлеу үрдісінде пайдалану үшін статистикалық деректер жинауға мүмкіндік берді.

Төмендегі 2-суретте сабақтар бойынша жалпылама бақылау нәтижелері 9 баллдық шкала бойынша топтастырылған. Жалпы алғанда, курстан кейінгі кезеңде Бағдарлама идеясын жүзеге асыру негізінде ынтымақтастық ортасын ұйымдастыру, диалог әлеуетін, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуын пайдалануды бақылауда мұғалімдер өз іс-әрекеттерін жаңартқандарын көрсетті.

Сабақтарды бақылау үшінші (базалық) деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдер тәжірибесінің күшті жақтарын көрсетті. Мұғалімдер:


1. Сыныбында диалогты басқарады және оған көптеген қатысушыларды тартады.

2. Топтық жұмыстың қажеттілігін негіздейді, орындауға барлық оқушыны тарта отырып, міндеттердің нақтылығын қамтамасыз етеді.

3. Оқу мәселесін қою іскерлігін меңгерген, сабақтың әр түрлі кезеңдерінде жоғары деңгейдегі сұрақтарды пайдаланады, сыни ойлауды дамытуға бағытталған стратегияларды қолданады.

4. Оқушылардың жұмысты орындауын түсіндіру барысында оқушының жеке тұлғасының аффективті жағына бағдарлайтын жұмыстың түрлеріне сәйкес формативті бағалаудың алуан түрлі құралын пайдаланады.

5. Аталған тәжірибедегі өзгерістер сыныптағы жағдайды өзгертуде оқушылардың когнитивті, әлеуметтік, эмоционалдық даму аспектісіне айтарлықтай ықпал етеді. Тренерлер сынып мәдениеті тұтастай өзгергенін бақылады: оқушылардың көпшілігі сабақта сенімді жұмыс істейді, ойланады, сұрақтарға жауап беру кезінде өз ұстанымын дәлелдейді, ынтымақтастыққа дайын.



2-сурет. Сертификатталған мұғалімдер тәжірибесінің табыстылық аспектілерін жүзеге асырудың шәкілі

Сонымен қатар үшінші (базалық) деңгей сертификатталған мұғалімдерінің жеке кеңес беру аясында талқылауда кәсіби қиындықтар да атап өтілді. Әрбір мұғалімнің нақты «проблемалы аймағы» анықталды, 3-деңгей мұғалімдерінің стандарты шеңберінде оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіруді талап ететін оқытуды жақсарту тәсілдері талқыланды. Әдістемелік десанттың маңызды компоненті сертификатталған мұғалімдердің жеке даму траекториясы мақсаттарын жобалау болды. Бұл ретте мұғалімнің өзіндік ынта, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, дербестік және оқыту мен оқудағы проблемаларды шешу жолдарын табуға ұмтылу сияқты қасиеттеріне назар аударылды.

Мақсатты жобалауға арналған құрал ретінде «Тиімділік дөңгелегі» техникасы, «3-деңгей мұғалім стандартын іске асыруда өзін-өзі бағалау парағы» қолданылды.

Мұғалімдердің бағдарламаның жеті модуль идеясын оқыту мен оқу тәжірибесінде қолдануын «Тиімділік дөңгелегі» техникасын пайдалана отырып, өзін-өзі бағалау өткізу арқылы талдау мұғалімдерге оқыту мен оқу салаларында өзіне баса назар аударуды талап ететін тұстарды көрнекі түрде көруге мүмкіндік берді. Бұл жоспарлау (6,6 10-нан), талантты және дарынды оқушыларды оқыту (6,9-10-нан), оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау (6,9-10-нан). Тренермен ынтымақтастықта мұғалім белгілі бір мерзімде өзгеріс енгізуді жүзеге асыруды жоспарлаудың нақты қадамдарын анықтады.

Мұғалімнің өз іс-әрекетін өзін-өзі талдау аясында 3-деңгей мұғалім стандартын ескере отырып, тәжірибесін өзгерту, кәсіби және жеке тұлғалық әлеуетін ашу мақсатында өздігінен дамуы, өзгеруін ескеріп отыруға баса назар аударылды. Мұғалімдермен өзін-өзі бағалау нәтижелерін «Кәсіби білім мен түсінік» критерийі бойынша талқылауда өз пәнінің оқу бағдарламасы талаптарын ескере отырып, орта- және қысқамерзімді жоспарлауда мақсат қоя алуда белгілі бір қиындықтар бар екенін көрсетті. Жеке кеңес беру аясында мұғалімдердің нақты көшбасшылығын іске асыру үшін маңызды стандарт компоненті болып табылатын «Кәсіби құндылықтар мен бағдарлар» критерийі бойынша, «өз тәжірибесін жетілдіруге ықпал ететін сыныпта локалды сипаттағы зерттеу жұмысын жүргізу» қажеттілігіне көңіл аударылды [8].

Әдістемелік десант нәтижелері бойынша мұғалімдерге тәжірибені жетілдіру және кәсіби дамытуға бағытталған әдістемелік басылымдар ұсынылды.

Әдістемелік десанттың маңызды компоненті сертификатталған мұғалімдердің тәжірибесін жетілдірудің басым бағыттарын, мұғалім тәжірибесін дамытуда мектеп әкімшілігі мен әдістемелік қызметтің рөлін талқылаған білім беру ұйымдары басшыларының қатысуымен өткізілген дөңгелек үстел болды. Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренерлері сертификатталған мұғалімдердің мәселелерін зерттеу қызметі дамуын басқарудың әр түрлі тәсілдерін іске асыруда мектеп басшыларының жоғары деңгейде тартылуын атап өтті. Мектептерде тәжірибе алмасу үшін жағдай жасалған, мұғалімдердің кәсіби дамуы растайтын материалдар жүйеленген. Семинарға қатысушылардың кері байланысы курстан кейінгі кезеңде сертификатталған мұғалімдерді тренерлік қолдау өзекті екендігін көрсетті. Басшылар бағдарламаның идеяларын, қазіргі заманғы жаңа сабақты бағалау әдістерін терең түсіну үшін әдістемелік десанттың өзектілігін атап өтті. Мұғалімдер жаңартылған талап бойынша орта және қысқа мерзімді жоспарлауға, инклюзивтік оқытуды қамтамасыз ететін тиімді әдістер мен тәсілдердің қажеттілігі жайлы жедел ақпарат алғандарын атап өтті.

Әдістемелік десант қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының басшыларына, аудандық әдістемелік қызмет көрсетушілерге, білім беру ұйымдарына үшінші (базалық) деңгей сертификатталған мұғалімдерінің анықталған кәсіби қиындықтары мен тәжірибесін дамытуды еңсеру бойынша ұсыныстар берілді:

1. Үшінші (базалық) деңгей мұғалімдерінің курстан кейінгі кезеңде мұғалімнің табыстылығын бағалау аспектісі болатын критерийлері: кәсіби білім және түсінік, кәсіби дағды, кәсіби құндылықтар мен бағдарлар көрсеткіші болып табылатын 3-деңгей стандартының сақталуы қажеттілігіне көңіл аудару.

2. Сертификатталған мұғалімдердің көшбасшылығын дамыту, бағдарламаның өзекті материалдарын жедел алу/алмасу үшін желілік қоғамдастық мүмкіндігін пайдалану.

3. Сертификатталған мұғалімдердің тәжірибесіне зерттеулер жүргізуге, зерттеу нәтижелерін конференциялардың жинақтарында, ақпараттық-әдістемелік басылымдарда жариялауға ықпал ету.

4. Мұғалімдерге жеке даму траекториясын іске асыруға және кәсіби даму мақсатында десант аясында белгілі бір жетістікке жетуге жәрдем көрсету.

5. Үшінші (базалық) деңгей сертификатталған мұғалімдерінің кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жоспарланған on-line режимінде семинарлар, вебинарларға қатысуын ұйымдастыру.

6. Мұғалімдерді орта- және қысқамерзімді жоспарлау аясында әдістемелік қолдауда:

– оқушылардың тақырыпты терең түсінуге қолжеткізуге бағытталған, сыни тұрғыдан ойлауына септігін тигізетін жоспарлау және сұрақтарды қоюына назар аудару (Блум таксономиясы бойынша);

– оқушы жұмысы мен уәжін дамытуда, өзінің оқуында рефлексия дағдыларын жақсарту әдістерін анықтауда формативті бағалау әлеуетін пайдалану;

– оқытуда түрлі деңгейдегі қабілеттегі балаларды тиімді қосуды қамтамасыз ететін инклюзивті тәсілді іске асыру;

– оқу міндеттерін шешу үшін нақты қажеттілігін есепке ала отырып, АКТ құралдарын толық көлемде пайдалануға баса назар аудару.

Сертификатталған мұғалімдерді курстан кейінгі қолдаудың маңызды компоненті болып вебинарлар форматында жүзеге асырылатын он-лайн қолдау болып табылады. Осылайша, әдістемелік десанттың қорытындысы бойынша, мұғалімдердің тәжірибесін дамыту мақсатында «проблемалық аймақта» анықталған мәселелер бойынша, деңгейлік бағдарламалар орталығы тренерлерінің қатысуымен «Сертификатталған мұғалімдер тәжірибесі: тиімді сабақ» циклінен облыстық вебинар өткізілді. Вебинарлар тақырыбы сертификатталған мұғалімдердің өзекті қажеттіліктерін ескере отырып құрастырылған. Мысалы:

– сабақты жоспарлауда өзекті мәселелер;

– сабақта формативті бағалау тиімділігін қамтамасыз ету керек;

– сыни тұрғыдан ойлауға үйрету: тиімді тәжірибе;

– сабақта инклюзивті тәсілді қалай іске асыру;

– қалай оқу керектігіне оқыту;

– сабақта АКТ-ны қалай тиімді (!) пайдалану.

Вебинарлар аясында тренерлер сертификатталған мұғалімдер тәжірибесінің түйінді проблемаларын анықтады, жоспарлау нысандарын өзгерту үшін нақтылау және түсіндіру енгізілді, сертификатталған мұғалімдердің озық тәжірибелері ұсынылды. Қатысушылар атап өткендей, вебинарлар мұғалімдердің тәжірибесімен алмасу үшін айтарлықтай әлеуеті бар және туындаған міндеттерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі қолдаудың негізгі бағыттарын іске асырудың бірі болып үздік тәжірибелерді жариялау мүмкіндігін ұсыну мен бағдарламаларды іске асыруда медиакеністікті жандандыру және дамыту болып табылады. Сертификатталған мұғалімдердің оқыту мен оқу тәжірибесінде бағдарламаның идеясын жүзеге асыру үшін практикалық тәжірибесі мен тренерлердің іс-тәжірибесін таратуға жарияланымдар, ғылыми-әдістемелік басылымдарда және бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табуға жағдай жасалған. 2015 жылдан бастап «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Өрлеу. Тиімді сабақ — Өрлеу. Эффективный урок» өңірлік ақпараттық-әдістемелік журнал шығарады. Журналдың өткен кезеңдегі тақырыптық жоспары келесі бағыттарды қамтиды:

– сабақты жоспарлау;

– ынтымақтастық орнату;

– сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
 – оқу мен оқытудағы АКТ;
 – жаңартылған білім беру мазмұны аясында тиімді сабақты жоспарлау тәсілдері;
 – мейірімділік пен ізгілік сабақтары (РАБ «Өзін-өзі тану» «Сабақтағы жалпы адами құндылықтар» бағдарламасы бойынша сертификатталған мұғалімдерге арналған арнайы шығарылым);

– «Ең үздік орта мерзімді жоспарлау» сайысын өткізу қорытындысы бойынша тақырыптық басылым.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта сертификатталған мұғалімдерді курстан кейінгі қолдау нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады, жүйелі және жоспарлы сипатқа ие ресурстармен камтамасыз етілген және бағдарламаның негізгі идеяларын мектеп тәжірибесіне енгізу әдістерін өзгерту мақсатында сертификатталған мұғалімдердің білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Болашақта сертификатталған мұғалімдерді курстан кейінгі қолдауды дамытудың ең басым бағыттары мынадай болуы мүмкін:

- 1) беру ұйымдарының сұранысы бойынша проблемалық семинарлар;
- 2) педагогтарды «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ іс-шараларына қатысу туралы кеңінен хабардар ету;
- 3) кәсіби желілік қоғамдастықтарда жұмыс істеуін қолдау.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27 қаңтар 2012 ж. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртiбi: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana_1339760819.

2 Тренерге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей: төртінші басылым. — Астана: Педагогикалық шеберлік орталығы, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

3 Ырсалиев С. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту және жағдайы туралы ұлттық баяндама. 2015 ж. / Құраст. С. Ырсалиев, А. Құлтуманова, Ә. Төлеков, Т. Бұлдыбаев, Ж. Нұрмұхаметова Қ., Кусиденова, Л. Шакирова, А. Көпеев, А. Карабаев, Ж. Каскеева, А. Айгазин, Г. Сұлтанбекова, Г. Исмурзина. — Астана: «АТО» АҚ, 2016. — 472 б.

4 Барбер М. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах / М. Барбер, М. Муршед // Вопросы образования. — 2008. — № 3. — 7–57 б.

5 Муканова С.Д. Взаимодействие Института повышения квалификации с дошкольными организациями образования / С.Д. Муканова, М.П. Кушнир // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Педагогика. — 2016. — № 3(83). — 134 б.

6 Бектыбаева Г.Ш. Посткурсовая поддержка сертифицированного учителя сельской школы: особенности, тенденции, перспективы / Г.Ш. Бектыбаева. – Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы – Өрлеу. Вести непрерывного образования. — 2015. — № 4(11). — С.40–45.

7 Обыденкина Л.В. Сборник аналитических инструментов. Вып. 1. Карты наблюдения уроков / Л.В. Обыденкина; пер. Ж. Мынбаева. — Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»; Центр педагогического мастерства, 2014. — 42 с.

8 Мұғалімдерді бағалау принциптері. Деңгейлік бағдарламалар бойынша курстар. Үшінші (базалық) деңгей: екінші басылым. — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2013.

М.А. Жетписбаева, Г.Ш. Бектыбаева, Ф.А. Ермаганбетова

Посткурсовое методическое сопровождение как компонент непрерывного профессионального развития учителей

В статье представлены подходы филиала АО «НЦПК «Өрлеу» Института повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области к реализации посткурсового методического сопровождения учителей, сертифицированных по Программам повышения квалификации третьего (базового) уровня и «Эффективное обучение». Рассмотрены компоненты посткурсовой поддержки, направленные на системность процесса: изучение приоритетов и целей профессионального развития, наблюдение практики, выявление проблемных зон, рефлексия учителя о тенденциях изменения практики, планирование сопровождения, внесение предложений методическим службам по преодолению выявленных профессиональных затруднений и популяризация успешной практики преподавания и обучения сертифицированных учителей. Представлены обобщенные результаты наблюдения уроков сертифицированных учителей и совместного анализа практики с целью определения перспектив даль-

нейшего профессионального развития. Описаны направления, обеспечивающие непрерывность развития практики учителя и возможность обобщения успешного опыта педагогов. Подходы, представленные в статье, позволяют обеспечить системность посткурсовой поддержки профессионального развития сертифицированных учителей, что имеет важное значение в условиях обновления содержания среднего образования.

Ключевые слова: профессиональное развитие, профессиональное развитие учителя, поддержка после курса, изменение практики преподавания и обучения.

M.A. Zhetpisbayeva, G.Sh. Bektybayeva, F.A. Ermaganbetova
Post-course methodical support as a component of continuous professional development of teachers

The article presents the approaches of the branch of JSC NCPD Orleu Institute for professional development of Karaganda region to the implementation of post-course methodological support for teachers certified in service training programme for the pedagogic staff of the Republic of Kazakhstan by the Third (Basic) Level and Effective Learning. The components of post-course support aimed at the systemic nature of the process are examined: the study of priorities and objectives of professional development, observation of practices, identification of problem areas, teacher reflection on trends in practice change, planning of support, making suggestions to methodological services to overcome identified professional difficulties and popularize successful teaching and learning practices Certified teachers. Generalized results of supervision of lessons of certified teachers and joint analysis of practice with the purpose of determining the prospects for further professional development are presented. Are described the directions that ensure the continuity of the development of the practice of the teacher and the opportunity to generalize the successful experience of teachers. The approaches presented in the article make it possible to ensure the systematic nature of post-course support for the professional development of certified teachers, which is important in the context of updating the content of secondary education.

Keywords: professional development, professional development of the teacher, post-course support, changing the practice of teaching and learning.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyn Kazakstan khalkyna Zholdauy. (2012). 27 kantar. Aleumettik-ekonomikalyk zhanhyrtu – Kazakstan damuynyn basty balyty [Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the nation. January 27, 2012. Social and economic modernization is the main vector of Kazakhstan's development]. *www.akorda.kz*. Retrieved from http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstan_1339760819 [in Kazakh].
- 2 Trenerhe arnalhan nuskaulyk. Yshinshi (bazalyk) denhei (2015). [Handbook for trainer. The third (basic) level]. (4d ed.). Astana: Pedahohikalyk sheberlik ortalyhy; «Nazarbaev ziiatkerlik mektepteri» DBBU [in Kazakh].
- 3 Yrsaliev, S., Kultumanova, A., Tolekov, E., Buldybaev, T., Nurmukhametova, Zh., Kusidenova, K., Shakirova, L., Kopeev, A., Karabaev, A., Kaskeeva, Zh., Aigazin, A., Sultanbekova, G. & Ismurzina, G. (2016). Kazakstan Respublikasynyn bilim beru zhuiesin damytu zhane zhahtaiy turaly ulttyk baiandama. 2015 zh. [National report on the state and development of the educational system of the Republic of Kazakhstan. 2015 y.]. Astana: «ATO» AK [in Kazakh].
- 4 Barber, M. & Murshed, M. (2008). Kak dobitsia stabilno vysokoho kachestva obucheniia v shkolakh [Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems]. *Voprosy obrazovaniia – Issues of education*, 3, 7–57 [in Russian].
- 5 Mukanova, S.D. & Kushnir, M.P. (2016). Vzaimodeistvie Instituta povysheniia kvalifikatsii s doskolnymi orhanizatsiiami obrazovaniia [Interaction between the Institute for Enhancing Qualification and Preschool Educational Organizations]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pedahohika – Bulletin of Karaganda University. Series Pedagogy*, 3(83), 134 [in Russian].
- 6 Bektybaeva, G.Sh. (2015). Postkursovaia podderzhka sertifikirovannogo uchitelia selskoi shkoly: osobennosti, tendentsii, perspektivy [Post-course support of a certified teacher of a rural school: features, trends, prospects]. *Orleu. Yzdiksiz bilim zharshysy Orleu. Vesti nepreryvnoho obrazovaniia – Orleu. Continuing education lead*, 4 (11), 40–45 [in Russian].
- 7 Obydenkina, L.V. (2014). Sbornik analiticheskikh instrumentov. Vypusk 1. Karty nabludeniia urokov [Collection of analytical tools. Issue 1. Maps of observation of lessons]. (Zh. Mynbaeva, Trans). Astana: AOO «Nazarbaev Intellekturnye shkoly»; Tsentr pedahohicheskoho masterstva [in Russian].
- 8 Muhalimderdi bahalau printsipteri. Denheilik bahdarlamalar boiynsha kurstar: vshinshi (bazalyk) denhei (2013) [Principles of evaluating the teacher. Courses of level programs. The third (basic) level]: ekinshi basylym. Astana: «Nazarbaev Ziiatkerlik mektepteri» DBBU [in Kazakh].